Білім беру ұйымының атауы	**ZIYATKER TURAN ЖШС**	
Пәні:	География	
Бөлім:	3. ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ 3.1. ЛИТОСФЕРА	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Елтаев Н.Т.	
Күні:	13.10.2025	
Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Жердің тектоникалық құрылысы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды; 7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды;	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар Жердің тектоникалық құрылымын және негізгі литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетіп, олардың орналасу ерекшеліктерін сипаттайды. **ЕББҚ:** Картадан негізгі литосфералық плиталарды тауып, олардың атауларын көрсетеді.	
	АДАЛ АЗАМАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ЖЕТКІЗУ: Қазақ зерттеушілері мен саяхатшыларының географиялық зерттеулерге қосқан үлесін танып, туған жерді зерттеуге қызығушылық пен елге деген құрмет қалыптастырады. **ТАЗА ҚАЗАҚСТАН ЖОБАСЫ:** Зерттеушілер сипаттаған табиғи нысандардың маңызын түсіну арқылы материктер мен мұхиттардың табиғатын қорғауға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді	

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі** Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	**(ҚБ)** мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау ЖИ арқылы жасалынған	
2 мин	**«ЕҢ ЕҢ»** тренингі *Оқушы «Ең ең» әдісі арқылы әлемдегі ең ең ерекше аймақтарды атайды* *Ең ұзын өзен?* *Ең үлкен көл?* *Ең үлкен ел?* *Ең үлкен сахара?* *Ең биік тау?* *Ең кішкентай мемлекет?*	Оқушылар **«ең ең»** жаттығуы арқылы сабаққа қолайлы атмосфералық ахуал орнатады	бағалау әдісі Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	Geo_aqparat.kz - "Ең ең" тренингі
3 мин	**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** **«АҚИҚАТ НЕМЕСЕ ЖАЛҒАН»** *Оқушылар ЖИ мүмкіншілігі арқылы жасалынған ақиқат немесе жалған тапсырмасын орындайды*	Оқушылар өткен тақырып бойынша ақиқат немесе жалған әдісі	**«Жарайсың»** деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Geo_aqparat.kz - 7.3.1.2

	1. Литосфера Жердің қатты сыртқы қабығы болып табылады. — **Ақиқат** 2. Жер қыртысының астында ішкі ядро орналасқан. — **Жалған** 3. Материктік жер қыртысы мұхиттық жер қыртысына қарағанда қалың. — **Ақиқат** 4. Мұхиттық жер қыртысы гранит, базальт және шөгінді қабаттардан тұрады. — **Жалған** 5. Жердің негізгі ішкі қабаттары: жер қыртысы, мантия және ядро. — **Ақиқат** 6. Литосфера тек жер қыртысынан ғана тұрады. — **Жалған** 7. Мантия Жер көлемінің ең үлкен бөлігін алып жатыр. — **Ақиқат** 8. Жердің ядросы негізінен кремний мен алюминийден тұрады. — **Жалған** 9. Материктік жер қыртысында гранитті қабат кездеседі. — **Ақиқат** 10. Мұхиттық жер қыртысы материктік жер қыртысынан қалың болады. — **Жалған** 11. Жер қыртысында тау жыныстары мен минералдар кездеседі. — **Ақиқат** 12. Ішкі ядро сұйық күйде болады. — **Жалған** 13. Сыртқы ядро негізінен сұйық күйде болады. — **Ақиқат** 14. Мантия толығымен қатты әрі ешқандай қозғалыс болмайтын қабат. — **Жалған** 15. Литосфераның құрамына жер қыртысы мен мантияның жоғарғы қатты бөлігі кіреді. — **Ақиқат**	арқылы өткен тақырып бойынша ақпараттарға талдау жасайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл *-Жердің ішкі қабаттарының (жер қыртысы, мантия, ядро) орналасуы мен литосфераның құрылысына қатысты берілген тұжырымдардың дұрыстығын («ақиқат» немесе «жалған») дәл ажыратады.1 балл* *-Материктік және мұхиттық жер қыртыстарының ерекшеліктерін, қалыңдығын, құрамындағы қабаттарын және ядроның күйін білдіретін тұжырымдарды дұрыс анықтайды.1 балл.*		
Сабақтың ортасы 2 мин 1 мин	**«АДАЛ АЗАМАТ»** *бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі.* **«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»** дәйексөзі *Еңбек адамдары туралы нақты өмірлік мысалдар келтіріледі* **ЖАҢА САБАҚ**	Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді Оқушыларға	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	

	«ВИДЕО ФРАГМЕНТ» әдісі *Оқушылар «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды*  **Бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ?**	тақырыпқа байланысты «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табуға мүмкіндік беріледі.		
2 мин	**МАҒЫНАНЫ ТАНУ** **«ТҮРТІП АЛУ» әдісі** **Бейнеролик:** Литосфералық тақталардың сыры ✓ Литосфералық тақта дегеніміз не? ✓ Литосфералық тақталардың маңыздылығы неде?	Оқушылар **ЖИ** мүмкіншілігі арқылы жасалынған бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарды талдайды		https://youtu.be/D3wX9hwuzVQ
8 мин	**№1.ТАПСЫРМА** **«МӘТІНМЕН ЖҰМЫС»** әдісі **(ТЖ) Топтық жұмыс** (Функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар мәтінмен жұмыс әдісі арқылы топтық жұмыстарды орындайды* *Мәтіні* Жердің литосферасы жер қыртысы мен мантияның жоғарғы қатты бөлігінен тұрады. Литосфера бірнеше ірі және ұсақ литосфералық плиталарға бөлінген. Ірі плиталарға Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Тынық мұхит, Үнді-Аустралия және Антарктида плиталары жатады. Литосфералық плиталар үнемі баяу қозғалады. Олардың шекараларында плиталар бір-бірінен ажырайды, жақындайды немесе жанама ығысады. Плиталардың қозғалысы нәтижесінде таулар, мұхиттық жоталар, терең шұңғымалар қалыптасып, жер сілкінісі мен жанартау атқылауы жиі байқалады. Мысалы, Гималай таулары Үнді-Аустралия мен Еуразия плиталарының соқтығысуынан, ал Орта Атлант жотасы плиталардың бір-бірінен ажырауынан қалыптасқан.	Оқушылар **мәтінмен жұмыс** әдісі арқылы оқушылар тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл *-Дүниежүзінің тектоникалық картасынан ірі литосфералық плиталарды тауып, олардың қай материк немесе мұхит аумағын қамтитынын дұрыс анықтайды — 1 бал.* *-Литосфералық плиталардың шекараларында ағы ажырау, жақындасу және жанама ығысу аймақтарын сипаттап,*	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№1 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	Geo_aqparat.kz - 7.3.1.2

Топ	Тапсырма	Орындау шарты
1-топ – «Плиталарды тап»	Литосфералық плиталардың орналасуын анықта	Дүниежүзінің тектоникалық картасынан Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Үнді-Аустралия, Тынық мұхит, Антарктида плиталарын тауып, картадан көрсетіңдер. Әр плитаның қай материк немесе мұхит аумағын қамтитынын айтыңдар.
2-топ – «Шекараны зертте»	Литосфералық плиталардың шекараларын сипатта	Картадан плиталардың ажырау, жақындасу және жанама ығысу аймақтарына мысал табыңдар. Әр шекарада қандай үдеріс жүретінін және қандай жер бедері қалыптасатынын түсіндіріңдер.
3-топ – «Тектоникалық сарапшы»	Тектоникалық құрылым мен табиғи құбылыстар арасындағы байланысты анықта	Картадан Гималай, Анд, Жапон аралдары, Шығыс Африка жарығы, Орта Атлант жотасын табыңдар. Олардың қандай литосфералық плиталармен байланысты екенін анықтап, жер сілкінісі, жанартау немесе тау түзілуімен байланысын сипаттаңдар.

		Дағдыға баулу: *Оқушылардың картамен жұмыс жасау, географиялық деректерді өзара талдау және литосфералық плиталардың қозғалысы мен табиғи құбылыстар арасындағы себеп-садар байланысты анықтау дағдылары қалыптасады.*	*түзілетін жер бедеріне мысал келтіреді — 1 бал.* *-Нақты таулар мен географиялық нысандардың (Гималай, Орта Атлант жотасы, т.б.) қай плиталар әсерінен пайда болғанын және олардың сейсмикалық белдеулермен байланысын түсіндіреді — 1 бал.*		
		Құндылыққа жету: *Жер қойнауының құрылысы мен табиғи процестерді зерттеу туған жердің географиялық ерекшеліктерін танып, қоршаған ортаға ұқыпты қарау арқылы «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениеті мен туған жерге деген сүйіспеншілік құндылығын нығайтады.*			
2 мин		**ҚЫЗЫҚ ЕКЕН** Оқушыларға литосфералық құрылым тақырыбына байланысты қызықты информация беріледі	Оқушыларға тақырыпқа байланысты информация беріледі		
10 мин		**№2. ТАПСЫРМА** **«ТЕКТОНИКАЛЫҚ ДЕТЕКТИВ» әдісі** **(ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар ЖИ мүмкіншілігін пайдаланып тектоникалық детектив әдісі бойынша тапсырмасын орындайды* ✓ Мен Жердегі ең үлкен литосфералық плитамын, Тынық мұхитының көп бөлігін алып жатырмын. → _____ ✓ Менің үстімде Еуропа мен Азияның басым бөлігі орналасқан. → _____ ✓ Мен Оңтүстік Америка материгінің батыс жағымен шектесемін және Анд тауларының қалыптасуына әсер етемін. → _____ ✓ Мен Еуразия плитасымен соқтығысып, Гималай тауларының қалыптасуына себеп болдым. → _____ ✓ Менің орталық бөлігімде плиталар ажырап, жаңа мұхиттық жер қыртысы түзіледі. → _____ ✓ Мен Африка материгінің басым бөлігін қамтимын. → _____ ✓ Менің шекарамда жер сілкінісі мен жанартау атқылауы өте жиі кездесетін «Отты шеңбер» орналасқан. →	Оқушылар **«сәйкестендіру»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл *-Негізгі ірі литосфералық плиталарды (Тынық мұхит, Еуразия, Африка, т.б.) берілген сипаттамалары мен аумақтары бойынша дұрыс ажыратады — 1 балл.* *-Плиталардың өзара әрекеттесу аймақтарын және географиялық*	«Керемет» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№2 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	Geo_aqparat.kz - 7.3.1.2 2 тапсырма

	_____ ✓ Мен Атлант мұхитының ортасында созылып жатқан суасты тау жүйесімін. → _____ ✓ Мен Солтүстік Америка материгінің басым бөлігін алып жатырмын және Тынық мұхит плитасымен шектесемін. → _____ ✓ Мен Оңтүстік Америка материгінің басым бөлігін қамтып, шығысымда Орта Атлант жотасына дейін созыламын. → _____ **Дағдыға баулу:** *Оқушылардың сипаттамалар мен географиялық белгілер арқылы литосфералық плиталар мен тектоникалық құрылымдарды танып, олардың орналасу ерекшеліктерін логикалық тұрғыдан дұрыс анықтау дағдысы қалыптасады.* **Құндылыққа жету:** *Жер қойнауының құрылысы мен ғаламдық табиғи үдерістерді зерттеу арқылы туған жердің табиғатын қастерлеуге және қоршаған ортаға саналы қарауға бағытталған эко-мәдениет қалыптасады.*	*нысандарды («Отты шеңбер», Орта Атлант жотасы) нақты анықтайды — 1 балл.* *-Материктер мен мұхиттардағы тау түзілу процестері мен тектоникалық құрылымдарды өзара дұрыс сәйкестендіреді — 1 балл.*		
8 мин	**№3. ТАПСЫРМА** **«КАРТАМЕН ЖҰМЫС»** **әдісі** **(ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар картамен жұмыс әдісі арқылы тапсырманы орындайды*  **Тапсырма:** Дүниежүзінің тектоникалық картасын пайдаланып, төмендегі нысандарды **картадан көрсетіңіз.** 1. Еуразия плитасы 2. Африка плитасы 3. Солтүстік Америка плитасы 4. Оңтүстік Америка плитасы 5. Тынық мұхит плитасы 6. Үнді-Аустралия плитасы	Оқушылар **«картамен жұмыс»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл *-Дүниежүзінің тектоникалық картасынан негізгі ірі литосфералық плиталар мен географиялық нысандарды (Орта Атлант жотасы, Гималай таулары) қатесіз тауып көрсетеді. 1 балл*	«Тамаша» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№3 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 2 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	


	7. Антарктида плитасы 8. Наска плитасы 9. Орта Атлант жотасы 10. Гималай таулары **Қосымша:** Картадан **плиталардың жақындасу аймағын – ▲, ажырау аймағын – ↔, жанама ығысу аймағын – ⇆** шартты белгілерімен белгілеңіз. **Дағдыға баулу:** *Оқушылардың дүниежүзінің тектоникалық картасымен жұмыс істеу, литосфералық плиталар мен географиялық нысандарды нақты тауып, шартты белгілер арқылы олардың шекараларын белгілеу дағдысы қалыптасады.* **Құндылыққа жету:** *Жер шарының тектоникалық құрылымын, таулар мен географиялық нысандардың орналасуын карта арқылы зерттеу туған жердің табиғатын терең танып, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелейді.*	*-Картада плиталардың шекараларын тиісті шартты белгілермен (ажырау – ↔, жақындасу – ▲, жанама ығысу – ⇆) дұрыс белгілейді.1 балл*		
Сабақтың соңы 5 мин	**Кері байланыс** **«Бағдаршам»** әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде бағдаршам әдісі арқылы қорытындылайды  **Үйге тапсырма** Тақырыпты оқу	Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады	Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауына байланысты 1 – 10 балл аралығында бағалайды	Geo_aqparat.kz - Бағдаршам әдісі

Жердің тектоникалық құрылысы

7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды

1 Картадан көрсет

Дүниежүзінің тектоникалық картасын пайдаланып, төмендегі нысандарды номермен картадан көрсетіңіз.



Көрсетілетін нысандар:

1. Еуразия плитасы
2. Африка плитасы
3. Солтүстік Америка плитасы
4. Оңтүстік Америка плитасы
5. Тынық мұхит плитасы
6. Үнді-Аустралия плитасы
7. Антарктида плитасы
8. Наска плитасы
9. Орта Атлант жотасы
10. Гималай таулары

Шартты белгілер:

- Плиталардың жақындасу аймағы
- Плиталардың ажырау аймағы
- Плиталардың жанама ығысу аймағы
- Жанартау
- Жер сілкінісі

2 Құрылымды сипатта

Картадағы нысандарды пайдаланып, төмендегі литосфералық плиталарды сипаттаңыз.

№	Литосфералық плита	Қай материк(тер) орналасқан?	Қай мұхит аймағын қамтиды?	Қозғалыс бағыты (жалпы бағыт)	Шекарасындағы негізгі нысандар (тау, жота, шұңғыма)
1	Еуразия плитасы				
2	Африка плитасы				
3	Тынық мұхит плитасы				
4	Үнді-Аустралия плитасы				
5	Наска плитасы				

3 Тектоникалық үдерістер

Суреттерді пайдаланып, әркайсысы қай литосфералық плиталардың өзара әрекеттесуінен пайда болатынын жазыңыз.

А. Жақындасу




Плиталар: _____

Пайда болатын нысандар: _____

_____

_____

Ә. Ажырау




Плиталар: _____

Пайда болатын нысандар: _____

_____

_____

Б. Жанама ығысу



Плиталар: _____

Пайда болатын нысандар: _____

_____

_____